

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы» пәні бойынша
қорытынды емтиханбағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«7M02220 Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 жыл

Құрастырушы:

Қалыш АБ. т.ғ.қд., Археология, этнология және
музеология кафедрасының профессоры

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және
атағы)

«Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы» пәні бойынша қорытынды
емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде
қаралып, ұсынылды

«____» _____ 2024 ж., хаттама

Кіріспе

PhD-докторанттар «Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Магистранттардың жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық магистранттардың баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер магистрант емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Курстың мақсаты мен міндеттері.
2. Отбасы құрлымы мен түрлері.
3. Отбасы ішіндегі ерекшеліктері.
4. Ұлттық этикеттің ережелері мен ерекшеліктері.
5. Отбасы ішіндегі байланыстары.
6. Отбасының сыртқы байланыстары.
7. Отбасының әлеуметтік функциялары.
8. Неке серіктесін таңдау.
9. Неке құру түрлері.
10. Ұлт-аралас некелер.
11. Ұлт-аралас отбасылардағы балалар мен жасөспірімдер.
12. Қазақстандағы неке мен отбасының баламалы нысандарының даму бағыты.
13. Отбасылық өмірде ажырасу феномені.
14. Қазақстандағы отбасылардың ыдырауының этнодемографиялық көрінісі.
15. Ажырасқан және толық емес отбасылардағы балалар мен жасөспірімдер.

Емтихан тапсыру кезінде магистранттар қабілетті болуы тиіс:

- қазақтардың отбасы және неке қатынастарының өзекті мәселелерін заманауи ғылыми білім контексінде білу және түсіну;
- отбасы мен неке құрылымындағы жалпы және ерекше орындарын сыни тұрғыдан талдау арқылы адамзат қоғамының әлемдік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен байланыстыру;
- отбасының ең маңызды қызметтері мен әлеуметтік функцияларын қарастыру барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
- заманауи некелердің, соның ішінде моноэтникалық және ұлт- аралас және т.б. негізгі нысандарын қарастырып сыни тұрғыда баға беру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 257 с.
2. Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 464 с.
3. Калыш А.Б. Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 160 с.
4. Калыш А.Б., Баудиярова К.Б., Исаева А.И. Проблемы устойчивости и конфликтности браков в Южном Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 160 с.
5. Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстан: отбасы және ажырасу мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 129 б.

Интернет-ресурстар (3-5 кем емес)

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>.
2. <http://www.humanities.edu.ru/>.

**«БМ02220 Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы бойынша
«Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы»
пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы**

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл,оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл.

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға қазіргі Қазақстандағы отбасы және некесінің ерекшеліктерін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, қазіргі кездегі еліміздегі отбасылық және некелік қарым қатынастардың ерекшеліктері көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Еліміздегі отбасылық және некелік жағдаарға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау,	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Қарастырып	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары

алынған нәтиженің негіздемесі	отырған пәнге байланысты терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	пайдаланылған.	пайдаланылм ады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
--------------------------------------	--	---	--	----------------	--

